

Еңбегі жанған генерал

Бұл мақаланы жазуға бір жағдай себеп болды. Бір кездескенде біздің бір қызметкер Академия бейнеқорының арасындағы бейнежазбада Елбасымен кездесу кезінде менің қол алысып жүздескендігімді көргендігі туралы көтеріңкі көңілмен айтып, көп нәрсені еске алдырды.

Иә, бұл бейнежазба Қазақстан Республикасы Президентінің Қостанай облысына сапарында сол кездегі Ішкі істер министрлігі Қостанай жоғары мектебімен танысқандығы туралы еді.

Мен белгілі бір толғанысқа түстім, өткен күндерді еске алдым, сол алғашқы кезеңдегі біздің жоғары оқу орнының күнделікті тыныс-тіршілігін көз алдыма елестеттім. Әрине жоғары мектептің алғашқы басшылығын ойыма алдым. Осы жоғары оқу орнының алғашқы қадамдарының қарқынды және ауқымды болуына бүкіл қызметкерлер ат салысты, ал сол жылдары басшылық еткен ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденұлы Қабденовтың орны бір бөлек еді. 1996 жылдың мамырында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай заң колледжінің негізінде Қостанай жоғары мектебі ашылған болатын. Осы жаңадан ашылған ведомстволық жоғары оқу орнының бастығы болып ішкі қызмет полковнигі Т.Қ. Қабденов тағайындалды. Кейін 1998 жылы осы оқу орны қайта ұйымдастырылып Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай заң институты деп аталды. Ал Т.Қ. Қабденовтың жаңа ведомстволық жоғары оқу орнының жұмысын қалыптастыруға және ішкі істер органдарының қызметкерлерін дайындауға қосқан ерен еңбегі ескеріліп, оған ішкі қызмет генерал-майоры арнайы шені берілді. Осы жаңалықты институттың ұжымы және басшылығы біздің институтта атқарылып жатқан жұмысқа берілген жақсы баға деп қабылдады және өздерінің қызметіне орасан белсенділікпен кірісіп, алға ұмтылды.

Мен біздің оқу орнының алғашқы қадамдарына, басшылық пен қызметкерлердің қосқан үлесіне қатысты өз ойыммен бөлісуді жөн көрдім. Осы оқу орнында 1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ұстаздық етіп келе жатырмын. Менің өзім кезінде Т.Қ. Қабденовтың арнайы шақыруымен осы жоғары мектепте жаңадан ашылған кафедраға бастық болып келдім. Сол кездегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті Қостанай облысы бойынша басқармасында бөлім бастығы қызметін атқарып жүрген жерде мені жібергілері келмеген, бірақ басқарма бастығының орынбасары әрбір маманның қызмет баспалдағы бойынша жоғарылауы дұрыс қадам және ондай мүмкіндік болса кедергі жасамау керек деген сөзінен кейін маған осы оқу орнындағы қызметке ауысуға рұқсат берілді.

Біздің жоғары мектептің жоғары оқу орны болып қалыптасуының алғашқы кезеңінде бірнеше ұтымды қадамдар жасалғанын және осы бағыттағы жұмыстың негізгі ұйтқысы бола білген сол кездегі басшылықтың белсенділігі екендігін ерекше атап көрсету керек.

Біріншіден, жаңа оқу орнына сырттан білікті мамандар шақырылды. Олардың ішінде бірнеше жыл жоғары оқу орындарында еңбек еткен ғалымдармен қатар, ішкі істер органдарында тәжірибе жинақтаған қызметкерлер де болды. Осы орайда талай жылдар ішкі істер органдарында тәжірибе жинақтаған қызметкер, кейін ұстаздық қызметке ауысып ғылыммен айналысқан, Қостанайға Қарағанды жоғары мектебінен ауысып келген заң ғылымдарының кандидаты Александр Михайлович Родновты атап өту керек. Ол білімді, белсенді, салмақты, тәжірибесі мол ғалым-ұстаз, ұстамды басқарушы және өнегелі тәрбиеші болған еді. Оның сол кездегі әріптестеріне берген ұстаздық тәрбиесінің шексіздігін, ұжымның қалыптасуына қосқан үлесінің орасан зор екендігін атап көрсетіп, кейінгі ұрпаққа жеткізіп жүру әр қызметкердің борышы деп ойлаймын.

Екіншіден, алдында қаланың сыртындағы аэропорттың маңайындағы ескі ғимаратта орналасқан жоғары оқу орнының 1996 жылдың күзінде қаланың ішіндегі ғимаратқа көшірілуі. Бұрынғы Қостанай құрылыс колледжінің ғимаратына көшу – уақытында қабылданған ұтымды шешім еді. Оқу ғимараттары, тұрғын ғимараттары, спорттық кешені, асханасы, мәдени ошақтары сол кезеңдегі таптырмайтын олжа еді. Біздің қызметкерлер бірден құрылыс жұмыстарына кірісіп кетті. Ғимарат бұрын да оқу орнының арнайы ғимараты болғанымен, оны ведомстволық жоғары оқу орнының ғимаратына айналдыру үшін үлкен көлемдегі қайта құру жұмыстарын қысқа мерзімде орындау ұжымның алдына қойылған үлкен мақсат еді. Біздің ұжым сол кездері алдына қойылған мақсатқа аз уақытта жетістікпен жетті деп санауға болады. Оның бір айғағы 1997 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қостанай облысына сапарында сол кездегі Ішкі істер министрлігі Қостанай жоғары мектебімен танысып, атқарылып жатқан істерге оң баға бергендігі еді. Ол осы сапарында біздің оқу орнындағы Құрметті меймандардың қолтаңба кітабында «Қостанайдағы тұңғыш жоғары милиция мектебіне, оның шәкірттеріне Отанына адал қызмет етуін тілеймін», - деп жазды. Осы жолы жоғары мектептің барлық қызметкерлерінің және тыңдаушыларының сапта тұрып Қазақстан Республикасы Гимнін орындауы Президентке өте үлкен әсер етті және ол сол сәтте осы үрдісті барлық әскери бөліністерге таратып дәстүрге айналдыру керектігін атап өтті.

Үшіншіден, ауқымды құрылыс жұмыстарын орындаумен қатар оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлу және профессорлық-оқытушы құрамның ғылыми дәрежесін жоғарылатуды айрықша мақсат етіп қою қолға алынды. Осылайша жас шамасына, тәжірибесіне қарамай барлық оқытушылар ғылыммен айналысуға жұмылдырылды. Ал бір қатар мамандар, Т.Қ. Қабденовтың бастамасымен түрлі оқу орындарына аспирантураға және адъюнктураға жолдамамен жіберілді. Жаңадан қалыптасып жатқан жоғары оқу орнының ғылыми дәрежелері бар оқытушылар саны қарқынды түрде өсті. Олардың ішінде өздері ғылыми дәрежені қорғап алғаннан кейін, біздің оқу орнына оралмай, түрлі үлкен қалалардағы белгілі жоғары оқу орындарына кетіп қалғандары да болды. Алғашында оларға реніш білдіргенмен, кейін біздің мамандардың сондай

жерлерде жетістікпен қызмет атқарып жүргендігін мақтанышпен айтатын болдық.

Аз уақыттың ішінде жаңадан ұымдастырылған ведомстволық жоғары оқу орыны біздің мемлекетіміздің басқа оқу орындарының арасында өзінің лайықты орынын тапты. 2000 жылғы көктемде институт бастығы ішкі қызмет генерал-майоры Т.Қ. Қабденов қызмет бабымен жоғарылап Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Академиясының бастығы лауазымына тағайындалды. Осы тағайындау біздің институтта атқарылып жатқан жұмыстардың дұрыс және нәтижелі екендігін көрсетті. Осы орайда Т.Қ. Қабденовтың «Біз білім саласындағы жұмысты үйреніп, игеріп, тиянақты орындауымыз керек. Біздің міндет қолымыздан келгенше аянбай жұмыс істеу, ал оның қаншалықты дұрыс және тиімді болғанын келешек ұрпақ анықтап бағалайды», - деген сөздері еске түседі.

Қазіргі таңда біздің ведомстволық жоғары оқу орыны еліміздегі Ішкі істер министрлігінің үш академиясының бірі. Ішкі істер органдары үшін білікті мамандарды дайындауды жалғастыруда. Ал ішкі қызмет генерал-майоры Т.Қ. Қабденов ішкі істер органдарының ардагері және зейнеткерлікте жүргеніне қарамастан жастарды тәрбилеуге бір азаматтай ат салысып жүр. Ведомстволық оқу орындарында жиі болып, жеке құрамға тәлім-тәрбие беруден жалықпайды. Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденұлы Қабденовтың 70 жасқа толуын атап өтуде. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында да Т.Қ. Қабденовтың 70 жасқа толуына орай түрлі іс-шаралар өткізіліп жатыр және мамыр айында осы мерей той иесінің жеке қатысуымен өткізілетін салтанатты іс-шара жоспарланып отыр. Академия қызметкерлерінің, тыңдаушыларының және түлектерінің атынан Талап Қабденұлы Қабденов мырзаға ризашылығымызды білдіріп, мерей тойымен құттықтаймыз.

Еркін Кудебаев
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының аға оқытушысы